


КОМПЬЮТЕРДІН ДАМУ ТАРИХЫ



- Компьютердің даму тарихы қарапайым есептеулер жүргізу кезеңінен басталады. Есептеулер жүргізуді жеңілдету мақсатында арнайы құралдар жасалды. XVI ғасырда испан монахы Раймунд Луллит логикалық машина жасап шығаруды ұсынды. Бірақ, бұл ұсыныс көптеген жылдардан кейін ғана жүзеге асты.
- Қосу мен алу амалдарын орындайтын ең қарапайым есептеу машинасын 1623 жылы астроном Уильям Шикард ойлап шығарды. Ол алты орынды сандармен ғана есептеулер жүргізе алды. Егер нәтиже машинаның мүмкіндігінен асып кетсе онда арнайы қондырылған қоңырау соғылатын.



1642 жылы француз оқымыстысы Блез Паскаль ең алғашқы арнайы сақталатын программасы бар «Паскалин» немесе «Паскаль дөңгелектері» деп аталатын есептеу машинасын жасады.

Неміс математигі Готфрид Лейбництің 1672 жылы жасаған механикалық машинасы қосу және алу амалдарымен қатар, көбейту және бөлу амалдарын да орындады. 1770 жылы Е.Якобсон 5-орынды санмен жұмыс жасауға қабілетті қосу машинасын ұсынса, 1770 жылы Ган астрономиялық есептеулерге негізделген бірнеше машинаны құрастырды. 1820 жылы Карл Ксавье Томас алғаш рет арифмометрді ойлап тапты. Ол әлем бойынша өндіріс салаларында қолданыла бастады.





Неміс математигі Готфрид Лейбництің 1672 жылы жасаған механикалық машинасы қосу және алу амалдарымен қатар, көбейту және бөлу амалдарын да орындады. 1770 жылы Е.Якобсон 5-орынды санмен жұмыс жасауға қабілетті қосу машинасын ұсынса, 1770 жылы Ган астрономиялық есептеулерге негізделген бірнеше машинаны құрастырды. 1820 жылы Карл Ксавье Томас алғаш рет арифмометрді ойлап тапты. Ол әлем бойынша өндіріс салаларында қолданыла бастады.



- 1823 жылы ағылшын ғалымы Чарльз Бэббидж программалық басқару машиналарының алғашқы нұсқасы саналатын «Аналитикалық машинаны» ойлап тапты. Ол 4 бөліктен: сандарды сақтауға арналған «қоймадан», оларға қолданыла-тын амалдарды орындайтын құрылғыдан, басқару құрылғы-сы мен енгізу-шығару құрылғы-ларынан тұрады. Бэббидж машинасының барлық қондырғылары механикалық қондырғылар болатын және перфокартаға жазылған кез-келген программаларды орындайтын. Өнертапқышқа алғашқы программист Ада Лавлейс (Ада Августа Кинг) көмектесті. Кейіннен Ада құрметіне Ада программалау тілі аталған.



